

**Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 307 " Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 252 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 қарашада № 25431 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 307 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6758 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Сарыкөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Сарыкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарыкөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарыкөл ауданы әкімінің міндетін атқарушы*

*М. Шымырбеков*